

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 660 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының 5-1 тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 179, № 180, № 181, № 182, № 183, № 184, № 185 бұйрықтарымен бекітілген жерге орналастыру жобалары негізінде Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне елді мекендердің жері санатынан осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің міндетін атқарушы

А. Исмагулов

Әкімдіктің

2024 жылғы 26 сәуірдегі

№ 660 қаулысына

қосымша

"Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

1) Қостанай қаласы, Индустриялық аймақ мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,0068 гектар, "Қостанай қаласындағы индустриялық аймақта "КІА" автомобильдерін шығаратын зауытқа сыртқы инженерлік желілердің құрылысы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды (су құбыры) жүргізу үшін;

2) Қостанай қаласы, Индустриялық аймақ мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,4667 гектар, "Қостанай қаласындағы индустриялық аймақта "КІА" автомобильдерін шығаратын зауытқа сыртқы инженерлік желілердің құрылысы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды (су құбыры) жүргізу үшін;

3) Қостанай қаласы, Индустриялық аймақ мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 1,2696 гектар, "Қостанай қаласындағы индустриялық аймақта "КІА" автомобильдерін шығаратын зауытқа сыртқы инженерлік желілердің құрылысы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды (электрмен жабдықтау) жүргізу үшін;

4) Қостанай қаласы, Индустриялық аймақ мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,0595 гектар, "Қостанай қаласындағы индустриялық аймақта "КІА" автомобильдерін шығаратын зауытқа сыртқы инженерлік желілердің құрылысы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды (канализация) жүргізу үшін;

5) Қостанай қаласы, Индустриялық аймақ мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,6000 гектар, "Қостанай қаласындағы индустриялық аймақта "КІА" автомобильдерін шығаратын зауытқа сыртқы инженерлік желілердің құрылысы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды (газ құбыры) жүргізу үшін;

6) Қостанай қаласы, Индустриялық аймақ мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 0,0637 гектар, "Қостанай қаласындағы индустриялық аймақта "КІА" автомобильдерін шығаратын зауытқа сыртқы инженерлік желілердің құрылысы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды (канализация) жүргізу үшін;

7) Қостанай қаласы, Индустриялық аймақ мекенжайында орналасқан жер учаскесі, жалпы алаңы 1,7078 гектар, "Қостанай қаласындағы индустриялық аймақта "КІА" автомобильдерін шығаратын зауытқа сыртқы инженерлік желілердің құрылысы" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды (байланыс) жүргізу үшін.